

Хаттама

қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерінің талдамалық анықтамасын жария талқылау

ҚР АШМ ВБ және ҚК " Республикалық ветеринариялық зертхана " ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің"

2026 жылғы 02 шілде

Астана қ.

Өткізу уақыты: 10.00 сағ.

Қатысты: орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, бас сарапшылар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың талдамалық анықтамасын қарау.
2. Анықталған тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстарды талқылау
РМК басшысының бұйрығы негізінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына" сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" ШЖҚ (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2026 жылғы 18 мамырдағы №233-Н "сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы", 2026 жылғы 01 маусым мен 13 шілде аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" ШЖҚ РМК және оның құрылымдық бөлімшелерінің талдау объектісі.

Мақсаты, талдау мәні: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау, сондай-ақ оларды жою және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу болып табылады.

Талдаумен қамтылған кезең: 2025 жылғы 01 мамырдан 2026 жылғы 31 мамырға дейін Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және нормативтік - құқықтық актілерді анықтау.
2. Ұйымдастыру - басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңдерін сақтау шеңберінде:

Зерттелуде:

- * Талдау объектісінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.
- * Объектіге қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- * Бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланымдар;
- * Бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- * Прокурорлық қадағалау актілері;
- * Сот актілері;
- * Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

Ұйымдастыру-басқару процестері талданады, соның ішінде:

- * персоналды басқару;
- * Мемлекеттік қызмет көрсету;
- * рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру;
- * сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін талдау объектісінің қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- * Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

Жария талқылау барысында: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жөніндегі жұмысты жалғастыру, ұсынымдардың іске асырылуына одан әрі мониторинг жүргізе отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу ұсынылады.

Кәсіпорын қызметінде мүдделер қақтығысы, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшымен үлестес болу, қызметкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту, жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының бірлескен қызметі, лауазымды адамдар үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру"бағыты бойынша:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі жұмыс анықталған бұзушылықтарды жоюға және кінәлі адамдарды жауапқа тартуға шоғырланған, алайда осы әлеуметтік құбылысқа қарсы іс-қимылмен байланысты профилактикалық жұмыс маңызды бағыт болып табылады. Талқылауға қатысушылар осы ұсыныстарды толығымен қолдады.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін назарға алу.
2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
3. Іс-шараларды іске асыруға жауаптыларды тағайындау және орындау мерзімдерін белгілеу.